**Есіл ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 35/3 шешімі. Ақмола облысы Есіл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 14 наурызда № 1-11-134 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 12 қарашадағы № 35/9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 12.11.2014 № 35/9 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабының 1 тармағының 14 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Заңының 10 бабына сәйкес, Есіл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу мақсатында, Есіл ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Есіл аудандық мәслихатының 2005 жылдың 22 қазанында қабылдаған № 19 /2 «Есіл ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингтер,салтанатты шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындарын белгілеу туралы» Ақмола облысы Есіл ауданының Әділет басқармасында 2005 жылғы 22 қазанда № 1-11-20 тіркелген шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім Ақмола облысы Есіл ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы, аудандық мәслихат хатшысы С.Құдабаев*

КЕЛІСІЛДІ

*Есіл ауданы әкімінің міндетін атқарушы Ә.Смағұлов*

Есіл аудандық мәслихатының
2011 жылғы 1 наурыздағы
№ 35/3 шешіміне қосымша

## Есіл ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары

| Реттік № | Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары |
|---|---|
| 1 | Есіл қаласы, аудандық мәдениет үйінің алдындағы алаң |
| 2 | Біртал селосы, орталық алаң |
| 3 | Бұзылық селосы, орталық алаң |
| 4 | Двуречный селосы, селолық мәдениет үйінің алдындағы алаң |
| 5 | Приишимка селосы, орталық алаң |
| 6 | Жаныспай селосы, селолық клуб алдындағы алаң |
| 7 | Ейский селосы, орталық алаң |
| 8 | Заречный селосы, селолық клуб алдындағы алаң |
| 9 | Знаменка селосы, селолық клуб алдындағы алаң |
| 10 | Интернациональный селосы, орталық алаң |
| 11 | Қаракөл селосы, селолық клуб алдындағы алаң |
| 12 | Ковыльный селосы, орталық алаң |
| 13 | Ленинский селосы, селолық клуб алдындағы алаң |
| 14 | Құмай селосы, орталық алаң |
| 15 | Красивый селосы, селолық клуб алдындағы алаң |
| 16 | Красивый-Қазақ станциясы, орталық алаң |
| 17 | Курский селосы, селолық мәдениет үйінің алдындағы алаң |
| 18 | Московский селосы, орталық алаң |
| 19 | Орловка селосы, селолық клуб алдындағы алаң |
| 20 | Речной селосы, селолық клуб алдындағы алаң |
| 21 | Раздольный селосы, орталық алаң |
| 22 | Свободный селосы, селолық клуб алдындағы алаң |
| 23 | Сұрған селосы, орталық алаң |
| 24 | Юбилейный селосы, селолық клуб алдындағы алаң |
| 25 | Ярославка селосы, селолық клуб алдындағы алаң |
| 26 | Красногорский кенті, селолық мәдениет үйінің алдындағы алаң |
| 27 | Игілік селосы, орталық алаң |
| 28 | Калачи селосы, орталық алаң |
| 29 | Алматинский селосы, орталық алаң |
| 30 | Ақсай селосы, орталық алаң |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК